

10-12 MARCH | МАРТА | НАУРЫЗ 2025

сатехро MORE THAN JUST AN EXHIBITION



Орталық Азияның сән әлеміндегі басты оқиға

***fashion-индустрия кәсіпқойларын күтуде: 10-12 наурызда Алматы қаласында
Central Asia Fashion Spring-2025 Халықаралық сән көрмесінің 35-ші маусымы өтеді***

Флагмандық ехро шарасы Көктем-Жаз 2025 маусымының киім, аяқ киім және аксессуарлардың жаңа топтамаларын ұсынатын 17 елден келген 220 астам компанияларды «Атакент» қазақстандық іскерлік ынтымақтастық орталығында жинамақ. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменістан, Тәжікстан мен Ресейден келген 7000 астам байерлер алдағы маусымның трендтерін алғашқылардың бірі болып бағалап, өзара тиімді келісім-шарттар жасасу мүмкіндігіне ие болады.



Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің ауқымы (жоғарыдан көрінісі)

Сәнді маусымның басты оқиғасы жыл сайын өзінің ауқымымен және креативті әдіс-тәсілдерімен таң қалдырады: қатысушы-компаниялар, байерлер, дизайнерлер, стилисттер, модельдер және fashion әлемге қатысы бар барлық адамдар бұл көрмеде бизнесті дамыту, шығармашылық пен нетворкинг үшін шектеусіз мүмкіндіктерге ие болады. Central Asia Fashion көрмесі офлайн B2B форматында тек қана fashion ритейл кәсіпқойлары, сондай-ақ БАҚ өкілдері мен блогерлер үшін өткізіледі. Бұл іс-шара аясында қатысушылар мен байерлерге жемісті еңбектену үшін қажетті нысаналы аудиторияны жинауға мүмкіндік береді.

Central Asia Fashion Spring-2025 «Атакент» ҚІБІО 9, 10 және 11 павильондарында өтеді. Көрме алаңының жалпы ауданы 10 000 шаршы метрден астам. Spring-2025 маусымында қатысушылардың саны локациялық мүмкіндіктерден асып түспек, мұны кейбір компаниялардың күту кезегінде тұрғаны дәлелдеп отыр. Әрине, бұл көрменің тек қана Орталық Азияда емес, бүкіл ТМД аумағында fashion ритейл саласының басты оқиғасына айналғанының айқын белгісі.

Новые коллекции по оптовым ценам

CAF Spring-2025 Түркия, Қазақстан, Ресей, Италия, Литва, Қытай, Өзбекстан, Германия, Польша, БАӘ, Франция, Моңғолиядан келген компаниялар қатысады. Жаңа көктемгі маусымда көрмеге еуропалық сәнді брендтер қайтып оралады: La Fee Maraboutee, Humulity, Leo&Ugo French Brands, Lety, Acquadicocco, Jerbel, Tuffoni, Madzerini, Centergross Italian Brands, Aryton Poland, Van Laack Germany, Caprice Germany, Fianeta Lithuania және басқалары. Олардың барлығы дерлік fashion тауарлардың әртүрлі топтарының жаңа топтамаларын ең тиімді көтерме бағалармен ұсынады. Әр маусымда Орталық Азия елдерінің байерлері 40 астам тауар топтарына қолжетімділік алады. Кез келген өмірлік жағдайларға арналған әйелдер киімдері ең үлкен сұранысқа ие. Сонымен қатар, көрмеде ерлер киімі, балалар киімі, іш киім, сәнді аксессуарлар мен аяқ киім түрлері ұсынылады. Арнайы бөлімдердің қатарында: той және кешкі сән, былғары мен тері бұйымдар, спорт пен үйге арналған киім, plus size киімдер, шомылу киімі, бас киімдер, шұлық бұйымдары және көптеген басқа тауарлар.



Central Asia Fashion 40 астам сәнді тауар топтары ұсынылған

CAF Spring-2025 көрмесі Euro Shoes және Central Asia Fashion серіктестігінің аясында өткізіледі. Euro Shoes қолдауымен көктемгі маусымға әртүрлі елдерден 20 астам аяқ киім компанияларының қатысуы күтілуде.

Ашылу салтанатына құрметті қонақтар - Түркияның Қазақстандағы бас консулы Еврен Мудеррисоглу мырза, Италия Елшілігінің сауда алмасуды дамыту бөлімінің директоры Мартино Кастеллани, Euro Shoes өкілдері, ІТКІВ және Қазақстандағы Ресей сауда өкілдігі қатысады.



Выставка Central Asia Fashion көрмесі серіктестікте өтеді

Fashion-индустрияның жүрегі мен ырғағы

Central Asia Fashion көрмесі - сән мен бизнес өзара тиімділік мақсатында жүздесетін, ал креативті ойлар жаңа серпіліс алатын кеңістікке айналды. Бұл оқиға Орталық Азияның бүкіл fashion-индустриясының алдағы жарты жылда даму ырғағын анықтайды. Жобаны ұйымдастырушы –

САТЕХРО компаниясы жыл сайын тұрақты түрде белсенділіктердің санын арттырады немесе оларды қатысушылар мен келушілердің пайдасына қарай өзгертеді. Байерлер жаңа брендтерді іздеу, алдын ала тапсырыс беру немесе топтамаларды сатып алудың шектеусіз мүмкіндіктеріне ие болып қана қоймай, іскерлік байланыс ауқымын кеңейтеді, бизнес бағдарламаға қатысады, жемісті нетворкинг, сарапшылардан кеңестемелік көмек алып, сәнді көрсетілімдерге қатысады. Қызықты жайт: орташа есеппен, өткен 15 жылда көрменің подиумында брендтер мен дизайнерлердің 1 000 астам сәнді көрсетілімдері өтті. Кәсіби модельдер подиумда 30 шақырымнан астам қашықтықты жүріп өткен.

Жаңа технологияларды енгізу талпынысы көрменің ажырамас бөлігі болып табылады. Көрменің интерактивті картасы келушілерге павильондар арасында адасып кетпей, іс-шараға қатысушылар туралы көбірек ақпарат алуға көмектеседі. Олар өздеріне оңтайлы бағдар құрып, тақырыптық объектілерді жылдам тауып алып, өздері ұнатқан стендтер мен оқиғаларды “Таңдаулыға” сақтап, электрондық кестенің көмегімен көрмедегі күнін жоспарлай алады. Сонымен қатар, жаңа көктемгі маусымда интерактивті фотоаймақ - CAF Spring-2025 көрмесінің заманауи жарқын элементі ұсынылады. Үш LED экраннан құралған бұл фотоаймақ көрме қонақтары мен келушілерге есте қалатын әдемі фотосуреттер жасауға мүмкіндік береді.



CAF көрмесінде қатысушылардың ондаған сән көрсетілімдері өтеді

Сәннің бизнеспен тоғысуы: жаңа форматтар мен перспективалар

Ұзақ жылдар бойы көрменің маңызды элементтерінің бірі Орталық Азия мен бүкіл әлемнен fashion-индустрия мамандарын тартатын мамандандырылған салалық бизнес-конференция болып табылады. Бұл іс-шараның іскерлік бөлігі ғана емес, жаңа бизнес-модельдер пайда болатын, стратегиялар анықталып, ең өзекті мәселелердің шешімі табылатын, кәсіби ортада баламасы жоқ платформа болып табылады. Жобаны ұйымдастырушылар оқиғаның деңгейін жоғары ұстап қана қоймай, кәсіпқой қауымдастыққа сүйеніп, заман ағысымен келе жатыр.

Бизнес-бағдарламаның жетекшісі және fashion-сарапшы Милена Ершова: *«Spring-2025 бизнес-конференциясының жаңа көктемгі маусымында нон-стоп режимде 24 тақырыптық сессиялар өтеді. Спикерлер қатарында үш елден келген 16 халықаралық және қазақстандық беделді сарапшылар бар. Fashion-ритейлерлердің кәсіби қауымдастығы заманға сай өзгертілген және өзекті жаңа форматтарды көреді. Олардың қатарында аудиторияға ұнайтын панельдік пікірталастар, публік-токтар, ритейл-баттлдар, семинарлар, білім беру тренингтері, воркшоптар, шеберлік сыныптары. Алғашқы рет сараптама барынша кеңінен бес бірдей бағытта ұсынылады: әлеуметтік-демографиялық, HR, digital, медиа, ритейл-сараптама. Өр жоба – «ДНҚ ұлттық код» атты зерттеу сериалы жалғасын табады; сарапшылар «Қазақша бизнес. Ұлттық кәсіпкерлік ерекшеліктері» мәселесін егжей-тегжейлі талдайды және қазақ мәдениеті мен менталитетінің ықпал ету тақырыбын қарастырады. Айта кететін жайт, бизнес-конференция өткізіліп келе жатқалы бірде-бір маусым жаңалықтар енгізусіз өткен жоқ.*

Бұл жолы жаңалықтар қатарында – «Әлеуметтік амбициялар және креативті индустрияларға импакт инвестициялау» тақырыбында Орталық Азияның креативті жобаларына инвестициялық питчинг жасалады. Ал ең қызықты жаңалығымыз – «Лекторий» деп аталатын жаңа айдарымыз болмақ. Оны кәсіпқой рунолог және шежіреші Ерлан Еспенбетов өткізеді. Тәңіршілдік жөніндегі сарапшы «Ұлы Жібек жолындағы көшпенділер бизнесі» атты тарихи феномен туралы айтатын болады».

Central Asia Fashion бизнес-бағдарламасының басты белгісі - өзекті салалық зерттеулер мен сараптамалық деректер. Бизнес-сессиялардың бірі бизнесті дамыту барысында білу пайдалы болатын Азия елдерінің әлеуметтік-демографиялық құрылымының ерекшеліктеріне арналатын болады. Central Asia Fashion өз ұстанымын сақтап, трендегі тақырыптарға ерекше көңіл бөледі. Сондықтан, конференцияның бағдарламасында «Fashion-бөлшек сауда үшін жаңандық трендер» атты өзекті сессия қарастырылған.



Трендтер тақырыбы Central Asia Fashion көрмесіндегі басым тақырыптардың бірі

Алғаш рет бизнес-конференцияның жеке бір блогы заманауи жағдайда ритейлердің вербалды емес байланыстарына арналады. Бұл саланың трендтері жайлы бірден бірнеше қазақстандық және халықаралық сарапшылар айтатын болады. PR және SMM-маман Марина Подвигина-Грубер «Киім дүкенін дамытудағы «жаңа аштық ойындары» атты fashion-брендтің коммуникациялық стратегиясы тақырыбын талқылап, дамытуды неден бастау керектігін және нысаналы аудиторияны қайдан іздеу керектігін түсіндіреді. Сату жөніндегі халықаралық сарапшы Евгений Данчев клиенттермен байланыс орнату туралы, соның ішінде NLP-практикалар туралы айтып, fashion-бизнес жетекшісінің сауданың төмендеуіне алып келетін басты қателерін тізіп береді. Дене тілі мен вербалды емес коммуникациялар жөніндегі сарапшы Екатерина Цабинаова әдетте елеусіз қалатын кинетикалық имидж, дене мен қимыл тілінің құпияларымен бөліседі, сатушының дене тілінің дүкендегі ақша түсіміне қалай ықпал ететін түсіндіреді. Вербалды емес коммуникациялар туралы бүкіл ақпарат жария «кино талдауларды» қоса алғанда, тәжірибелік талдаулармен өтетін шеберлік сыныптарымен бекітілетін болады. Коммуникациялар тақырыбының шарықтау шегі - көрмеге келушілердің сүйіктісі - зияткерлік баттл болмақ. Бұл жолы сарапшылар «қолдаймын&қарсымын» форматында «Танымалдылық күші: актив, іскерлік тактика немесе бас ауырту ма?» тақырыбына пікірталас ұйымдастырады. Сарапшылар бірқатар өзекті мәселелерді талдайды, олардың қатарында: бизнестегі эпатаж, шығысша жеке бренд деген не, жаңа жағдайда бизнес жетекшісіне жеке бренд қажет пе, жеке брендтің күшін және онымен жұмыс жасау нәтижесін қалай анықтауға болады.

Коммуникациялар, демография, ұрпақтар сабақтастығы тақырыптарын жалғастыра отырып, сарапшы Виктор Елисеевтің тақырыптық семинары және автограф-сессия өтеді. Бизнес-конференцияның спикері әртүрлі буын өкілдерінің өзара байланыс орнату ерекшеліктері жайлы айтып, өзінің «Дети 90-х» атты жаңа кітабының тұсаукесерін өткізеді. Сәнді нарықтағы сатуларды арттыру жөніндегі халықаралық сарапшы Евгений Данчев те көрмедегі бизнес аудиторияға өзінің кітабын ұсынатын болады.

Көктемгі бизнес-конференцияда сондай-ақ білім беру және ойын-сауық контенті де болады. Бизнес-конференцияға келушілер үшін 5 білім беру семинарлары, 6 тақырыптық воркшоптар мен шеберлік сыныптары, сонымен қатар арнайы зияткерлік сыйлықтар ойнатылатын болады.



Central Asia Fashion бизнес-конференциясы әлемдік және жергілікті мәселелерге көңіл бөледі

Бизнесті дамытуға көмектесетін сыйлықтардың ойнатылып жатқаны алғашқы рет емес. Spring-2025 маусымында бұл дәстүр сақталады. Сарапшылардың сыйлықтарының қатарында: бизнес иелеріне арналған кәсіби оқыту, аудит және консалтингтік қолдау, сату және интернет маркетинг, кинетикалық имидж, коммуникациялық стратегия және бренд қалыптастыру саласындағы кәсіби кеңестемелер.

Шекарасыз іскерлік кездесулер: тегін кеңестеме және сараптама

CAF көрмесінің бизнес-бағдарламасы әрдайым өзінің белсенді нетворкингімен ерекшеленеді. Үш павильонда B2B-тілдесу үшін арнайы алаңдар ұйымдастырылады. Осылайша, «Дербес кеңестеме алу орталығы» деп аталатын арнайы жабдықталған кеңістікте үш күн бойы ритейлерлер мен бизнес иелері non-stop режимінде бес шақырылған сарапшыдан тегін кеңестеме алатын болады. Сонымен қатар, «Кеңестеме орталығында» Азия стилисттерінің қауымдастығы және Концептуалды



CAF кеңестемелік орталығында Көктем-Жаз 2025 маусымының трендтері жайлы білуге болады

стилизация мектебінің негізін қалаушы, халықаралық тәжірибесі бар имидж-стилист Мадди Бекдаирдың стенді орналасады. Бұл жерде «Бір сағаттық стилист» қызметін байқап көріп, Көктем-Жаз 2025 маусымының трендтері жайлы, киімнің түсі мен пішімінің сатып алушылардың психологиясына қалай ықпал ететінін, тиімді сатып алу құпиялары және тағы басқа көптеген пайдалы ақпарат алуға болады.

Сонымен қатар, Spring-2025 көктемгі маусымында бизнес-бағдарлама аясында мамандандырылған пікірталастар мен дөңгелек үстелдер жоспарланған. Күн сайын show area аймағында үздік сарапшылармен сессиялар өтеді, олардың қатарында Қазақстанның сауда нысанындағы жылжымайтын мүлік девелоперлер одағының төрағасы Дмитрий Ревин, «Qaz Textile Industry» жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының ұлттық бірлестігінің Алматы филиалының директоры Алма Кадыркулова, Қазақстан мен ТМД елдерінде Wildberries сатушыларын тарту бөлімінің жетекшісі Евгения Савенкова-Петриченко бар. Жүргізуші - Наталья Миронова, оқыту семинарлары мен іскерлік бағдарламаларды ұйымдастырушы және модератор, PROfashion медиахолдингінің іскерлік бағдарламаларының жетекшісі. Сарапшылар Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіптің әлеуетін, басты трендтер мен өсім нүктелерін, сәнді салаға тиімді инвестицияларды, сән индустриясын дамытудың тиімді құралдарын талқылайды. Маркетплейстердегі online-саудаға (барлық online-тапсырыстардың 75% астамы маркетплейстер арқылы жасалады), сондай-ақ fashion-коллаборациялар және келіссөздер жүргізудің стратегиялық-тактикалық әдістеріне ерекше көңіл бөлінетін болады.

Дәстүрлі түрде бизнес-бағдарламаның барлық элементтері көрмеге келушілер үшін тегін өткізіледі. Осылайша, көрме бизнес-қауымдастықтың сапалы өсімі мен дамуына жағдай жасай отырып, оған қолдау көрсетеді. Central Asia Fashion сән көрмесін ұйымдастырушылар кәсіпкерлікті дамытуға, Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия өңірінің экономикасының дамуына үлес қосу - басым бағыттардың бірі болып табылатынын атап өтті.

Central Asia Fashion Spring-2025 қатысу шарттары, бизнес-конференцияның бағдарламасы және келушілерге арналған ақпарат www.fashionexpo.kz ресми сайтында, сондай-ақ @centralasiafashion әлеуметтік желілерде қолжетімді